

«Инклюзивті білім беру» (француз тілінен аударғанда «inclusif» «өзіне ендіру» дегенді білдірсе, латын тілінен аударғанда «include» - «ену» дегенді білдіреді) жалпы білім беруді трансформациялау процесі ретінде мүмкіндігі шектеулі адамдар заманауи әлемде өздерін социумға кіріктіре алатындығын түсіну қажет. Аталған трансформация жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық адамдардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған, соның ішінде мүгедек балалардың білім алуына жағдай жасауға негізделген.

Инклюзивті білім беру - қазіргі заманның сәнді үрдісі ғана емес, жалпы білім беру жүйесін дамытудың табиғи және заңды бөлігі, арнайы білім қажеттіліктерін меңгерген, ерекше балаларға білім берудің жалпы тәсілі. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениетникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді. Іс жүзінде әлемнің дамыған барлық елдерінде бұл жаңа білім беру бағыты қабылданып, енгізілді және инклюзия қоғамның сыйы ретінде ғана қарастырылмай, ЕБҚ балаларға білім беру игілікті іске айналды, бұның өзі арине аз емес.

Инклюзивті білім беру бұл балаларды оқытатын, оларды отбасында тәрбиелейтін, олармен бірге оқитын барлық адамдар үшін пайдалы деп түсіндіріледі және жүзеге асырылады, азаматтық қоғамда тең құқықтарын, әр адамның еркіндігі мен ар-ожданын, адамгершілік құндылықтарын тәжірибеде қолдану мүмкіндігі болып табылады.

Бүгінгі таңда инклюзияны немесе білім беру ортасына кіріктіруді, ерекше қажеттіліктері бар балаларды басқа дамуы қалыпты оқушылармен бірге оқыту деп те атауға болады. Ерекше білім алуы қажет ететін балалар осындай тәжірибе арқылы басқа балалармен араласады, өседі, дамиды және қалыпты білім беру мекемесіне барып, онда өз достарын табады [4]. Жалпы айтқанда, барлық балалар сияқты өмір сүреді. Бұл идеяның ерекшелігі, ерекше қажеттіліктері бар балалар сапалы білім алып және қоғамда психологиялық бейімделу үшін басқа балалармен белсенді түрде бірлесіп әрекет етуі керек. Бұндай қарым-қатынас олардың дамуында немесе денсаулығында ешқандай шектеу жоқ балалар үшін де маңызды. Бұның барлығы инклюзивті білім берудің, кіріктіріп оқытудың рөлін арттырады және ЕБҚ балалардың әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі.

Әдебиеттер:

1. «Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамды дамыту». – Астана: Юнисеф, 2014.
2. З.Ү. Адильшинова, А.М. Сугуралиева. «Инклюзивті оқыту». – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.
3. Н.М. Назарова, Т.Г. Богданова, А.А. Гусейнова. «Педагогика инклюзивного образования. Учебник». – М: ИНФРА-М, 2019.
4. Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019.

Сведения об авторе (авторах):

С.А. Кипшаков, Г.С. Ешенгазина - Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, (Қарағанды, Қазақстан)

Китанова Т.К.

*«Батыр» санаторлық бөбекжайы ҚММ
Қарағанды қаласы*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ТЕАТРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын. Театр – тәрбие ошағы. Десек те, театрлық ойындардың мәнін әлі де аша алмай келеміз. Өйткені бүгінгі таңда республика көлеміндегі балабақшаларда театрлық ойындарға деген сұраныс болғанымен, нақты әдістемелік нұсқау жоқ [1].

Театрлық ойын – мектепке дейінгі балалар ойының бірі бола отырып, адамгершілік мәндегі әдеби не фольклорлық шығармаларды түсіндіру және осы ойынға қатыстыру барысындағы әлеуметтендірудің тиімді құралы болып табылады. Бұл ойын ұжымдық сипатта болады және жағымды өзара әрекет тәсілдерін меңгеруге, достық, жолдастық сезімдерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Театрлық ойындарда эмоциональдық дамуы жүзеге асады: балалар кейіпкердің сезімі, көңіл күйімен танысады, олардың сыртқы келбетін сипаттай отырып, себебін түсінеді. Тіл дамыту үшін де (диалогты және монологты сөйлеуді қалыптастыру, көркем мәнерлі тілін жетілдіру) театрлық ойындардың маңызы зор. Ақырында театрлық ойындар баланың өзін танып көрсету және өз қабілетін іске асыру құралы болып табылады.

Соған қарамастан мектепке дейінгі мекемелерде театрлық ойындардың даму қарқыны жеткілікті жүзеге асырылмай келеді. Оны ойынды ұйымдастыру тәсіліндегі екі қарама-қарсы себеппен түсіндіруге болады. Бірінші себепке сәйкес театрлық ойындар мерекелерде ең бастысы «көрініс» ретінде пайдаланылады. Жақсы нәтижеге жету үшін жеке не ұжымдық дайындықтарды педагогтар балалармен бірге мәтінді ғана емес, дауыс екпінін және қимыл- қозғалысты жаттауға мәжбүр болады. Баланы «жақсы әртіс» болуға үйренеді. Нәтижесі қандай десеңші, көрініс қойылды, көрермендерге ұнады. Әрине- көрініс, көрініске дайындықтың өзі де ойынға ұқсамайды [2].

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез ролымен ойнай еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді.

Егер де бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себеп тигізеді.[3].

Бала тәрбиесінде әр түрлі театрдың алатын орны ерекше. Қуыршақ театры баланың дүние танымын қалыптастыруда, үлкен рөл атқарады. Балалар әртістермен бірге күліп бірге жылап отырып, өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелердің шешімін табады. Бүгінде бөбектердің дамуына үлкен ықпал ететін қуыршақ театрының құпияларын айтатын болсақ; тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуі мен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді. Балалар театрының бірнеше түрлері бар. Ең көп тараған түрі –қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезіне бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі. Театр түрлері:

- Қуыршақ театры.
- Саусақ театры. Көлеңке театры.
- Ойыншықтар театры.

Тағы да суреттер (картиналар), стенд-кітапша театры, фланелеграф, трафарет театры болады. Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардан эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, мәнерлеп айта білуге үйренеді. Соның нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері ояныды. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге ынталана, құштарланып қатысып отырды. Осы жұмыстарды өткізген кезінде әрбір ұлттық халық ертегілерінен көріністер, қойылымдар қойылады. Балалар өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болды. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау

кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді [4].

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті кішкентайлар тобынан тобынан бастап-ақ тақпақпен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналы қойылымдар көрсетуді қолдана берген жөн.

Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады. Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлері үшін оқып шығу бір балаға ғана ұсынады. -Үшінші кезеңде балалар бір неше шығармашылық тапсырмаларды орындайды. \қорқыныш, қуаныш сезімдерін көрсете білу және т.с.с. Төртінші кезеңде рөлдерге бөлініп, ертегіні оқу жүзеге асырылады.

Қорыта келгенде, театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен бірге сахнаға бейімделген балалардың бойында өзіне деген сенім артып, алғашқы қол шапалақтауларды сезіне алады.

Бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ал ойынның өзі бірнеше түрде бөлінеді: дидактикалық, қимылдық, сюжеттік т.б. ойын мазмұны жағынан толысып дамып, дәстүрлі жалғасып келеді. Ойын еш уақытта да дамудың бір сатысына жеткенде тоқтап қалмайды, жетіле түседі. Сәбилерге де, ересектерге де арналған ойындар бар, олар адам өмірінің әр кезеңін қамтиды. Ойын тәрбиенің барлық саласымен, өнермен ұштасып жатады. Әртістердің сахнада өнер көрсетуі- ол да ойынның бір түрі. Ал адамдар театрыға барып спектакль көріп, одан рухани ләззат ала отырып, жағымды, жағымсыз бейнелерді талқылайды.

Осылайша ұйымдастырылған жұмыс театрландырылған ойынның шығармашылықтың әр алуан түрлерінде баланың өзін-өзі мүмкіндіктерін іске асыруына, құрдастарының тобында өзін-өзі бекітуге жағдай жағдай жасайтын болады. Ал МДҰ- дағы мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі ойын мен өнердің әр түрлерін кіріктіру есебінен қызғылықты бола түседі, олар театрландырылған ойындық қызметтен өз көрінісін табады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2022 жыл
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.
3. Неменова Т. «Развитие творческих проявлений детей в процессе театрализованных игр» Дошкольное воспитание» №1.1989.
4. Каталог образовательных сайтов – <http://www-predschoool.kz/> .

УДК 740

ББК 74

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНДА ДОП БЕРУ ӘДІСТЕРІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қонысбаев Қанат., Болат Бекзат

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан

Аңдақтпа: Волейбол ойыны жеке адамның өміріне де тікелейі байланысты ол адамның әрбір адамның өмірінде зор қызмет атқарады.

Кілт сөздер: Волейбол ойыны жеке адамның өміріне де тікелейі байланысты ол адамның әрбір адамның өмірінде зор қызмет атқарады.

ПРЕИМУЩЕСТВА СПОСОБОВ ПЕРЕДАЧ МЯЧА В ИГРЕ ВОЛЕЙБОЛА

Қонысбаев Қанат., Болат Бекзат

Арқалықский педагогический институт имени И. Алтынсарина, г. Арқалык, Казахстан

Аннотация: игра в волейбол напрямую связана с жизнью человека и играет огромную роль в жизни каждого человека.

Ключевые слова: Игра в волейбол напрямую связана с жизнью отдельного человека и играет большую роль в жизни каждого человека.